



Сыр бойы

www.facebook.com/syrboy.kz
www.instagram.com/syrboy_kz
t.me/syrboy_kz
twitter.com/syrboy

№80 (21155) 4 маусым, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ



Қазақстан-Кипр: ЖАҢА СИПАТҚА ИЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Кеше Астанадағы Тауелсіздік сарайында елімізге ресми сапармен келген Кипр Республикасының Президентін ресми қарсы алу рәсімі өтті. Іс-шара аясында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Кипр Республикасының Президенті Никос Христодулидис бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң Қазақстан мен Кипрдің өнұрандары шырқалды. Содан кейін президенттер шағын құрамда келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Кипр Президентіне ілтипат білдіріп, оның Қазақстанға жасаған алғашқы ресми сапарының тарихи мәнін атап өтті.

– 2019 жылы Сыртқы істер министрі лауазымын атқарып жүргеніңізде елімізге келіп, Қазақстанның Еуропа Одағындағы сенімді досы әрі қолдаушысы ретінде әрекет ететініңізді мәлімдеген едіңіз. Бүгінде біз айтарлықтай нәтижеге қол жеткіздік деп сеніммен айтуға болады. Мемлекеттеріміздің астаналарында елшіліктерімізді аштық. Екі ел арасында тікелей әуе рейсі іске қосылды, басқа да бірқатар маңызды жоба жүзеге асырылды. Дегенмен екіжақты ықпалдастықты кеңейту үшін әлеуетіміз жеткілікті деп ойлаймын. Өз тарапымынан көптеген бағытта ынтымақтастығымызды одан әрі дамытуға күш салуға дайынмын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Никос Христодулидис Қазақстан Президентіне қонақжайлық көрсеткені үшін алғыс айтты.

– Сіздің еліңізге Кипрден тікелей қатынайтын алғашқы рейс арқылы іскерлік делегация өкілдерімен бірге ұшып келгеніме өте қуаныштымын. Елдеріміздің әлеуеті мол. Бүгінгі келіссөздер өзара ынтымақтастықты арттыруға септігін тигізеді деп санаймын. Сондай-ақ Қазақстанға басқа лауазымда келіп отырмын. Қазіргі уақытта еліміз Еуропа Одағы Кеңесіне төрағалық етіп жатыр. Аталған өңірдің маңызын және Қазақстанның ерекшеліктерін ескере отырып, Еуропа Одағы мен Қазақстан арасындағы ықпалдастықты одан әрі ілгерілету жолдарын талқылауға әзірмін, – деді Кипр Президенті.

Мұнан кейін екі ел президенттері кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Кипр Республикасының Президенті дипломатиялық қарым-қатынастар орнаған соң бері елімізге алғаш рет тарихи сапармен келгенін атап өтті. Сондай-ақ, Никос Христодулидиспен бірге ауқымды бизнес делегация келгеніне тоқталды. Бұл кипрлік компаниялардың елімізге қызығушылығы артып келе жатқанын байқатады. Осы орайда цифрландыру мен жасанды интеллект, логистика, қаржы, туризм және білім беру салаларындағы кооперацияны кеңейтуге баса мән беру қажет екені айтылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, бүгінгі бизнес-форум мен Сауда палаталары арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою іскерлік топтардың тікелей диалогын жолға қоюға септігін тигізеді.

Никос Христодулидис Астанаға сапары екіжақты қарым-қатынасты дамытудың маңызды кезеңі саналатынын жеткізді.

Мемлекет басшысы нәтижелі экономикалық күн тәртібіне қол жеткізу үшін үкіметтер күшін үйлестіру маңызды деп санайды. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Экономикалық ынтымақтастықтың 2028 жылға дейінгі жол картасын әзірлеуді ұсынды. Президент Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия мен Іскерлік кеңес құру, сондай-ақ сауда делегацияларымен тұрақты алмасу жөнінде бастама көтерді.

2-бет



...Отаншылдық дегеніміз – әрине, Отанға деген сүйіспеншілік деген сөз. Алайда, Отан алдындағы жауапкершілігіңді сезініп, перзенттік парызыңды өтеуге талпынбасаң, «отаншылмын, патриотпын» деген сөзіңнің құны көк тиын болмақ. Қазір қоғамда «Қазақстанның мемлекеттік Туын қайда және қашан қолданған жөн?» деген маңызды мәселе талқыланып жатыр. Бұл мәселе арнайы нормалармен және ережелермен реттеледі. Мемлекеттік рәміздерді пайдалануға жеңіл-желпі, салғырт қарауға болмайды. Заң талабы әрдайым орындалуға тиіс. Дегенмен, ең алдымен, заңның түпкі мәнін терең түсіну керек. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеп, оларды жөнімен пайдаланатын отаншыл азаматтарды барынша қолдау қажет. Мен үйлерде, көліктерде, көшелерде, сондай-ақ еліміздегі, әсіресе, шетелдегі спорттық және мәдени іс-шараларда көк Туымыз желбіреп тұрғанда қуанып қаламын. Сол арқылы еліміздің азаматтары бірлігі бекем ұлт екенімізді көрсетеді. Олардың әрекеттерінен туған елін мақтан тұтатыны байқалып тұрады. Қазақстанның аспанмен астасқан көк туын бүкіл әлем біледі. Еліміздің спортшылары жарқын жеңісімен, ғалымдары іргелі еңбегімен, өнерпаздары тамаша дарынымен Отанымызды жер жүзіне танытып жүр. Әр азаматымыздың жетістігі – Қазақстанның жетістігі, әр өреніміздің абыройы – барша қазақтың беделі. Біз туған жерге жанашырлығын, туған елге адалдығын нақты іспен көрсететін нағыз патриот азаматтарды қолдауымыз қажет.

ЕРКІН ЕЛДІҢ АСҚАҚ РУХЫ

Бүгін – Мемлекеттік рәміздер күні. Көк жүзінде желбіреген көк Ту, айшықты Елтаңба және асқақ Өнұран – халқымыздың өткен тарихы мен жарқын болашағын жалғайтын қасиетті құндылықтар. 1992 жылдың 4 маусымында егемен еліміздің жаңа Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасы ресми түрде бекітілді. Ал 2006 жылы жаңа Өнұран қабылданды. 2007 жылы 4 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» заңға сәйкес бұл күн Мемлекеттік рәміздер күні болып белгіленді. Бүгінде қазақстандықтардың отансүйгіштік рухын нығайтып, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін маңызды күнге айналды.

Мемлекет басшысы Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайда атап өткендей, рәміздерге құрмет – Отанға деген құрмет. Әрбір азамат мемлекеттік рәміздерді қастерлеу арқылы ел тәуелсіздігін, ұлттық құндылықтарды және ортақ жауапкершілікті дәріптейді. Сондықтан мемлекеттік рәміздерді насихаттау, олардың мән-маңызын жас ұрпақтың санасына сіңіру – баршамаңыздың ортақ міндетіміз.

Бүгінде Мемлекеттік рәміздер тек ресми атрибут қана емес, қазақстандықтардың мақтанышына айналды. Көк байрағымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінде желбіреп, халықаралық жарыстарда спортшыларымыздың жеңісімен бірге әлемге танылып келеді.

Республиканың барлық өңірлерінде Рәміздер күніне арналған патриоттық акциялар, кездесулер, дөңгелек үстелдер, танымдық сабақтар мен мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылуда. Мұндай іс-шаралар азаматтардың елге деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ықпал етеді.

Облыста да құндылықтарды ұлықтауға бағытталған ауқымды шаралар ұдайы өткізіліп тұрады. Биыл «Рәміздер рухы – Конституцияның күші» атты жалпыұлттық патриоттық акция аясында түрлі форматтағы кездесулер, танымдық іс-шаралар мен түсіндіру жұмыстарын өткізу жоспарланған. Мемлекеттік рәміздерді насихаттау, олардың мәртебесін арттыру және жастардың бойында патриоттық құндылықтарды қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді.

Осы мақсаттағы маңызды шаралардың бірі «Достық үйінде» өткен «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздік символы» атты облыстық семинар болды. Оған Мәдениет және ақпарат министрілігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті геральдикалық жұмыс басқармасының басшысы Гүлдана Аргенова, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері мен сала мамандары қатысты. Семинарда Мемлекеттік рәміздердің ресми

қолданылуы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен реттелетіні, сондай-ақ оларды орналастыру мен пайдалану кезінде ұлттық стандарттардың сақталуы туралы айтылды. Әсіресе ақпараттық кеңістікте және қоғамдық орындарда рәміздердің талапқа сай қолданылуы мемлекет беделі мен елдік санаға тікелей әсер ететіні ерекше атап өтілді.

Өңірде Мемлекеттік рәміздерді насихаттау мен олардың заң талаптарына сәйкес қолданылуын бақылау бағытында кешенді жұмыс жүргізілуде. Облыстық комиссия тұрақты жұмыс істеп, жыл сайын екі мәрте отырыс өткізеді. Комиссияда мониторингтік топтардың қорытындылары қаралып, анықталған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданады.

Арнайы құрылған мониторингтік топ құрамына полиция департаменті, Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің облыстық департаменті, үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері енгізілген. Олар мемлекеттік мекемелерде рәміздердің дұрыс қолданылуы мен орналас-тырылуын зерделеп қана қоймай, жауапты мамандарға әдістемелік көмек көрсетіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Ұлттық стандарттар мен нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкес Мемлекеттік рәміздердің пайдаланылуы қатаң бақылауда. Осы мақсатта республикалық деңгейдегі мамандардың қатысуымен жыл сайын әдістемелік семинарлар өткізіліп келеді. Биылғы облыстық семинар – осы бағыттағы жүйелі жұмыстың бір көрінісі.

Сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында рәміздерді насихаттауға бағытталған арнайы жоба жүзеге асырылмақ. Жоба шеңберінде Мемлекеттік рәміздер, Республика күніне арналған патриоттық акциялар, кездесулер, байқаулар ұйымдастырылып, әдістемелік құралдар әзірленеді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Қазақстан-Кипр: ЖАҢА СИПАТҚА ИЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Тараптар сауда, инвестиция, көлік-логистика, цифрлық коммуникация, жасанды интеллект және қаржы салаларындағы ықпалдастықты нығайту перспективасын талқылады. Сонымен қатар мәдениет, білім, спорт және туризм бағыттарындағы байланысты кеңейту мүмкіндігіне назар аударды.

Мемлекет басшысы Кипр Президенті Никос Христуллидисті І дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Кипр Президентінің Қазақстанға алғашқы тарихи сапары екіжақты ынтымақтастықты дамытудың маңызды кезеңі саналатынын атап өтіп, Никос Христуллидистің елдеріміз арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалады.

Кипр Президенті жоғары награданы табыстағаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты.

Қазақстан мен Кипр президенттері келіссөздер қорытындысы бойынша БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өткізді.

Мемлекет басшысы Кипр Республикасын еліміздің Еуропадағы сенімді әрі маңызды серіктестерінің бірі деп атады.

– Екі ел арасындағы саяси диалог жыл өткен сайын күшейе түсеуде. Қадірлі Христуллидисті мырза осыдан 7 жыл бұрын Кипрдің Сыртқы істер министрі ретінде Астанаға арнайы келген болатын. Сол кезде ол Кипр Қазақстанның Еуропа Одағындағы мүддесін ілгерілетуге әрдайым дайын екенін айтқан еді. Содан бері көп жұмыс атқарылды. Екі мемлекеттің елшіліктері ашылды. Осылайша, өзара қарым-қатынасымыз жолға қойылды. Қадірлі Президент мырзаның Астанаға тұңғыш сапары екі ел арасындағы алғашқы тікелей әуе рейсінің ашылуымен тұспа-тұс келіп отыр. Мұның да символдық мәні зор, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттер мазмұнды келіссөз жүргізіп, ықпалдастықты күшейтудің тың бағыттары туралы әңгімелескен. Онда сауда-саттық, логистика, қаржы, туризм, цифрлық технологиялар саласындағы өзара байланыстардың келешегі зор. Мемлекет басшысының айтуынша, қазір елімізде Кипр капиталының қатысуымен 400-ден астам компания жұмыс істеп жатыр. Олардың 30-ға жуығы Астана халықаралық қаржы орталығында тіркелген. Бір сөзбен айтқанда, екі ел арасындағы байланыс жаңа деңгейге көтерілетін болады.

1-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕКШЕ СҰРАЛАДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері талқыланды.

Үкімет басшысы еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өндірісте жарақаттанудың алдын алу және қызметкерлер құқықтарын қорғаудың маңызына тоқталып, орталық мемлекеттік органдар мен өңір әкімдеріне нақты тапсырма жүктеді.

Мемлекет басшысы бийлғы сәуір айында қауіпсіз еңбек жағдайын жетілдіру, қызметкерлердің құқықтарын қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін қамтитын заңға қол қойған болатын. Алдағы уақытта еңбек заңнамасына түзетулер енгізіледі деп күтілуде. Бұл бастамалардың барлығы еңбек қауіпсіздігін күшейтуге және азаматтарды әлеуметтік тұрғыдан қорғауға бағытталған.

Үкімет отырысына селекторлық режим арқылы қатысқан облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев жиыннан кейін өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелерге орай нақты тапсырма берді.

Аймақ басшысы елді мекендерді газдандыру жобаларының жүзеге асырылуын қапана бақылауды, құрылыс-монтаж жұмыстарын сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Кәсіпорындардағы еңбек қауіпсіздігі үшін жасанды интеллект технологияларын енгізу мүмкіндіктерін зерделеу, бір ай мерзімде нақты ұсыныстар әзірлеу керек.

Мәжілісте өндірістік және құрылыс нысандарындағы қауіпсіздік талаптарының сақталуы, еңбеккерлер құқықтарының қорғалуы барлық деңгейдегі басшылардың тікелей жауапкершілігі екені ескертілді.

Санитарлық тазалық, атап айтқанда Белкөл кентіне жақын орналасқан қатты тұрмыстық қалдықтар полигонындағы жағдайды үш күн ішінде реттеу жауапты мекемелерге жүктелді. Демалыс парктері, балалар ойын алаңдары, жол бойы мен көрнекі ақпараттың жай-күйін жақсарту, тазалық сақтауды тұрақты бақылау міндеттелді.

АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚ МҮМКІНДІКТЕРІ



Әлемдегі жетекші құрылыс және инфрақұрылымдық компаниялардың бірі – «China State Construction Engineering Corporation».

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың осы компания өкілдерімен кездесуінде өңірдің инвестициялық әлеуеті, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, сондай-ақ жаңа өндірістік жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ӘРІПТЕСТІК АЯСЫ КЕҢЕЙЕ БЕРЕДІ

«ҚазМұнайГаз» акционерлік қоғамы Қызылорда облысында бірқатар ауқымды жұмысты жүзеге асырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып келеді.

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың «Қазгермұнай» БК» ЖШС өкілдерімен кездесуінде өңірдің мұнай-газ саласын дамыту, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы компанияның және оның еншілес ұйымдарының облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзіндік орнын ерекше атап өтті.

– Алдағы уақытта да тиімді әріптестік негізінде маңызды жобаларды бірлесіп іске асырып, ынтымақтастығымызды одан әрі

нығайтамыз деп сенемін, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Кездесуде компанияның әлеуметтік жауапкершілік аясында атқарған жұмыстары жоғары бағаланды. Атап айтқанда, «Қазгермұнай» демейшілігімен 2,5 млрд теңгеге салынған «Оқушылар сарайы» бүгінде балалар игілігіне қызмет етуде.

ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Облыстық жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы қызметін атқарып келген Марат Құрманбаев құрметті зейнет демалысына шықты.

Кадрлық өзгерістерге орай өткен мәжілісте облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Марат Ердаулетұлының мемлекеттік қызметтегі ұзақ жылғы жемісті еңбек жолына тоқталып, өңірдің дамуына қосқан елеулі үлесін атап өтті.

– Аймағымыздағы әскери бөлімдердің инфрақұрылымы жаңартылып, азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жүйеленді. Бұл жұмыстарды жоғары деңгейде ұйымдастырудағы Марат Ердаулетұлының өзіндік қолтаңбасын ерекше атап өтуіміз қажет, – деді облыс әкімі.

Құрманбаев Марат Ердаулетұлы еңбек жолын өндіріс саласында бастап, кейін қоршаған ортаны қорғау және мемлекеттік басқару жүйесінде жауапты қызметтер атқарды.

2013-2024 жылдары Қызылорда және Жамбыл облыстары бойынша экология департаментін, Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат



пайдалануды реттеу басқармасын басқарды. 2024 жылдан бері облыстық жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы қызметінде болды.

Облыстық экология департаментін басқарған кезінде қоршаған ортаны ластағаны үшін төленетін төлемдер есебінен бюджетке жоспардан тыс 64 млрд теңгеден астам қаржы түсуіне ықпал етті. Құқық қорғау және қорғаныс саласындағы уәкілетті органдармен бірлескен жұмыс нәтижесінде террористік тұрғыдан осал объектілердің аумақтық тізбесі жаңартылып, қауіпсіздік талаптарына сәйкес жаңғыртылды.

Кейінгі жылдары Арал және Жалағаш аудандарындағы қорғаныс бөгеттері қалпына келтіріліп, тұрғындарды төтенше жағдай туралы дер кезінде хабардар ету мақсатында 124 елді мекенде сиреналық қосылу құрылғылары орнатылды. Конго-Қырым геморрагиялық

қызбасының табиғи ошақтары тіркелген елді мекендер залалсыздандырылды.

Басқосуда Марат Ердаулетұлы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталып, дәстүрге сай құрмет көрсетілді.

Сондай-ақ аймақ басшысы 2024 жылдан бері «Қазгермұнай» ЖШС бас директоры қызметін атқарған Зияш Киякбаева басқа қызметке ауысуына байланысты алғыс білдіріп, Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстады.

Жиында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқармасының шешімімен «Қазгермұнай» ЖШС бас директоры лауазымына тағайындалған Ерсейіт Жолмырзақұлы Қайыпов таныстырылды.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

Өңірде инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында 550 гектар аумақта «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы құрылған болатын. Қазір экономикалық қызметтің 18 ба-сым түрі айқындалған. Атап айтқанда, құрылыс материалдарын өндіру, машина жасау, электр жабдықтарын шығару, логистика және қоймалау, химия өнеркәсібі, автокөлік және авиациялық техника өндірісі сынды бағыттар бар.

Сонымен қатар Қызылорда облысында индустриялық инфрақұрылымды дамытуда нақты жұмыстар атқарылуда. Бүгінде облыста жалпы көлемі 515 гектардан асатын 6 индустриялық аймақ жұмыс істейді, оларда 112 млрд теңгенің 37 жобасы іске қосылып, мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылды. «Өндіріс» индустриялық аймағында құрылыс материалдары, шыны өндірісі, керамика және өнеркәсіптік өнім шығару жобалары нәтижелі жүзеге асуда.

Кездесуде тараптар индустриялық парктер салу, инженерлік инфрақұрылымды дамыту, өндірістік және логистикалық нысандарды жандандыру бағытындағы ынтымақтастықты кеңейтуге уағдаласты. Өзара тиімді әріптестікті дамыту және бірлескен инвестициялық жобаларды одан әрі жалғастыру жоспары нақтыланып, аталған компания өкілдері Сыр өңіріне іссапармен келуге ниет білдірді.

Бұдан бөлек, мұнай-газ саласындағы инфрақұрылымдық жобалар жайы талқыланды. 2022 жылы өңірдегі ірі мұнай компаниялары мен Энергетика министрлігі арасында «Қазгермұнай» компаниясының «Оңтүстік Аксай» кен орнындағы шикі газ өңдеу зауытына дейін газ құбырын жеткізу жөніндегі меморандумға қол қойылған болатын.

Қазір «Казнефрод Групп» және «Түзкөл Мұнайгаз Оперейтинг» серіктестіктері құбыр құрылысын аяқтап, газ жеткізуді бастаған. Бұл өңделетін газ көлемін арттырып, өңір экономикасының дамуына оң әсерін тигізеді.

/// ДЕНСАУЛЫҚ

АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ БАСТЫ АМАЛЫ

Елімізде адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы егу 2024 жылдан бастап қолға алынды. 11 жастағы қыздарды жоспарлы түрде және 12-13 жастағы қыздарды толықтыра имундау жүргізілуде. Енді бұл профилактикалық шара 14-17 жас аралығындағы қыздарды да қамтиды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова айтты.

Спикердің айтуынша, вакциналаумен қамтуды кеңейту халықтың сұранысы мен жасөспірімдердің денсаулығын қорғау қажеттілігіне байланысты қолға алынған.

– Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетіне АПВ-ға қарсы вакцинацияға қатысты азаматтардан көптеген өтініш келіп түсті. Осыған байланысты Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысы қабылданып, 14 жастан 17 жас 11 ай 29 күнге дейінгі қыз балаларды ерікті негізде вакциналау енгізілді. Бұл – жатыр мойны обырының және АПВ-мен байланысты өзге де қатерлі аурулардың алдын алуға бағытталған маңызды қадам.

Облыста жыл басынан бері 11-13 жастағы қыз балаларға екі мыңға жуық екпе салынды. Оның ішінде 1604 адам бірінші дозасын, 1213 адам екінші дозасын алды. Мамандардың айтуынша, вакцина алғандар арасында имундаудан кейінгі қолайсыз жағдайлар тіркелмеген, – дейді спикер.

Вакциналау барысында 4 валентті «Гардасил» екпесі қолданылады. Бірінші доза кез келген таңдалған күні салынады. Екінші доза алғашқы екпеден кейін 2 айдан соң, ал үшінші доза 6 айдан кейін егіледі.

Вакцина білім беру ұйымдарының медициналық кабинеттерінде және емханалардың егу кабинеттерінде жүргізіледі. Сонымен қатар, шалғай елді мекендер мен қажетті жағдайы жоқ білім беру ұйымдарында арнайы көшпелі егу бригадалары жұмыс істейді.

– Вакцина міндетті емес, тек ата-анасының немесе заңды өкілінің ақпараттандырылған келісімі арқылы жүргізіледі. Басты мақсат – жасөспірім қыздардың денсаулығын сақтап, онкологиялық аурулардың алдын алу, – дейді Әлия Әбдіқайымова.

Дәрігерлердің айтуынша, адам папилломасы вирусы – әлемде ең кең таралған инфекциялардың бірі. Ол ұзақ уақыт бойы белгісіз өтіп, кейін жатыр мойны обырына және басқа да қауіпті дерттерге әкелуі мүмкін. Сондықтан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы АПВ-ға қарсы вакцинаны жатыр мойны обырының ең тиімді алдын алу тәсілі ретінде ұсынады.

Бүгінде аталған вакцина әлемнің көптеген елінде кеңінен қолданылып келеді. Оның қауіпсіздігі мен тиімділігі халықаралық зерттеулер арқылы дәлелденген. Мамандардың пікірінше, екпе жасөспірім шақта салынған кезде ағзада вирусқа қарсы тұрақты иммунитет қалыптасады.

Сала мамандары ата-аналарды қыз баласының денсаулығына жауапкершілікпен қарап, профилактикалық екпелердің маңызын түсінуге шақырады. Себебі вакцина – тек бір баланы қорғау ғана емес, қоғам денсаулығын нығайтудың маңызды тетігі.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

/// БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Өңірде құрылыс, өндіріс, инфрақұрылымды дамытуда тың жобалар бар. Әсіресе, аудан мен ауылда атқарылған іс көп. «Көгілдір отынмен» қамтылған, мемлекеттік бағдарламалар игілігін көріп, кәсіп ашқандар саны артқан, ауызсу мен аяқсу шешімін тапқан, қайта түлеген әлеуметтік нысандар ел игілігіне жұмыс істеп тұр. Баспасөз туры аясында жолға шыққан журналист жылт өткен жаңашылдықты қалт жібермеуге тырысады. Осы орайда кезекті сапар Жалағаш ауданында жалғасты.

Ауданда ауыл шаруашылығы саласында жарқын жобалар жүзеге асып жатыр. Жылда күріштен жақсы өнім алып келеді. Кейінгі кездері бақша өсіру, көкөніс егуге бетбұрыс байқалады. Өңдеу өнеркәсібі де өрлеген. Шаруасын ширатып, жүйелі үйлестіріп отырған жемісті жұмысының куәсі болып қайттық.

ЖАЛАҒАШ: КҮРІШТІ АУДАННЫҢ КӘСІПТЕ ДЕ КӨШІЛГЕРІ



Сапарымыз Аксудан басталды. Ауданға ең жақын ауыл. Арақашықтығы үш шақырым.

Ауылға кіргеннен қаланың күйбең тіршілігінен бір сәтке арылғандай әсер алдық. Алқаптан келе жатқан диқан, өріске бет алған мал, мектепке асыққан ұстаз, әңгіме-дүкен құрған қариялар. Міне, ауылға тән қалыпты тіршілік, әдемі көрініс. Бізді ауыл әкімі Марат Шілдебасев қарсы алды. Мұндағы атқарылған жұмысты көрсетіп, ауылды араладық. Мектеп, балабақша, әлеуметтік нысандар заман талабына сай. Аудан іргесінде орналасқандықтан халық «көгілдір отынның» игілігін көріп отыр. Негізгі кәсіп – егін, оның ішінде күріш шаруашылығы.

– Биыл ауылдың құрылғанына 50 жыл толды. «Елу жылда ел жаңа» демекші, уақыт ырғағымен тіршілік түлей түсті. Мұнда 1650-дей халық тұрады, 330 үй бар. 12 көше болса, оның 5-і асфальтталған. Әлеуметтік нысандар ел игілігіне қызмет етіп тұр. 2024 жылы газ келіп, тұрғындар көмір жағып, құл шығарудан босады. Ауызсу толық қосылған. Ақсу мәселесі де шешімін тапқан. «Өйтек» каналын пайдаланамыз. Біздегі негізгі мәселе – жол. Биыл үш көше жөнделеді. Қаражат бөлініп, тиісті жұмыс басталды. Атап айтар болсақ, М.Әуезов, Т.Қожақұлов және Ақбөгет көшесіне тас төселіп, асфальттауға дайын тұр. Жауапты мердігер – «РИА Сервис ЛТД». Келер жылы тағы үш көше қайта жаңғырады. Сондай-ақ былтыр Беркінбай Бекниязұлы көшесі толық жөндеуден өтіп, асфальтталды, – дейді Марат Тыныштықбайұлы.

Ауыл әкімінің айтуынша, кәсіпкерлікке бет бұрған азаматтар саны артып келеді. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жеңілдетілген несиесі алып, іс бастағандар көп. Мемлекет басшысы «Ауыл – бәріміздің алтын бесігіміз. Қалада туып, өмір бойы қалада тұрған қазақтың да тамыры – ауылда. Халқымыздың салт-дәстүрі, тілі мен ділі, бәрі де ауылда сақталған. Жаһандану дәуірінде қазақты сақтау үшін, ең алдымен, ауылды сақтауымыз керек» деген болатын.

Мемлекет тарапынан да қолдау көп. Оның айқын дәлелі – Ақсу ауылы. Мұнда жол-көлік инфрақұрылымын дамытуда нақты жобалар жүзеге асырылуда.



ТАУЫҚТАН ТАБЫС ТАУЫП ОТЫР

«Ауыл аманаты» жобасы Жалағаш ауданында нақты нәтижесін көрсетіп келеді. Соның бірі – жеке кәсіпкер Ержан Құлмаханның құс шаруашылығы. Кәсіпкер есіктің алдынан қора салып, тауық өсіруге кіріскен. Еңбекке ебі бар адам кәсіптің көзін табады, табыс та түседі. Ержан инкубатор құрылғысын алыпты, енді жаздай балапан шығарады. Күнделікті тірлігіне баласы қолғабыс етеді. Тауықтың бір түрі ет бағытында, бірі жұмыртқа бағытында. Еттісі – бройлер. Қорегі жақсы болса, салмағы қосыла береді. Тапсырысқа сай сойып та сатады. Жұмыртқаға сұраныс тіпті жоғары екен.

– Бұл – отбасылық кәсіп. «Ауыл аманаты» жобасына қатысып, 2,5 миллион теңге қаражат алдық. Алдымен 200 тауық, құрал-жабдығын түгендедік. Тауық санын көбейту үшін екі инкубатор алып, балапан шығарудамыз. Бастапқы кезде 100-ге жуық балапанды сатып жібердік. Енді екі күннен кейін тағы 150 балапан шығады. Қазір табиғи өнімге сұраныс жоғары. Жұмыртқасы 80 теңгеден сатылады. Бәрі де еңбекке байланысты. Тауық та табыс көзі деуге болады. Көктемде жұмыртқа бастыру науқаны басталды, – дейді ол.

Қазір кәсіпкер ет бағытындағы «Адлер» және жұмыртқа бағытындағы «Ломан Браун» тұқымды 200 тауық өсіруде. Айтуынша, инкубаторға салған жұмыртқаны дұрыс баптаса болғаны. Баптаудың да әдіс-тәсілі бар. Құрылғыны ашып суытады, су себеді, тағысын тағы. Сөйтіп, 20 күннен кейін тауықтың балапаны жарып шығады. Ал күркетауық жұмыртқасын инкубатор емес, құстың өзі басады екен.

Байқағанымыз, тауық бағып, жұмыртқа сатудан түсетін пайда аз емес секілді. Өлбетте, ол үшін еңбектену керек.



БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Келесі бағыт кенттегі «Tatti kids» балалар ойын-сауық кешені болды. Ғимарат заманауи үлгімен бой көтерген. Екі қабатты нысанда балалар үшін барлық жағдай қарастырылған. Бірінші қабатта тамақтану орны мен дүкен болса, екінші қабатта ойын алаңы орналасқан. Нысан несі Мира Бейсенбаева 2012 жылы кәсіпкерлікке бет бұрыпты.

– Ең алғаш наубайханадан бастадық. Ісіміз берекелі болып, кәсібіміз кенейді. Кейін кенттен ойын-сауық ғимаратын салдық. Жоба құны 150 миллион, оның ішінде 20 млн теңгеге «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығынан» жеңілдетілген несиесі арқылы қол жеткіздік. Нәтижесінде биыл қантар айында нысан пайдалануға берілді. Басты мақсат балалардың уақытын тиімді ұйымдастыру болды. Күніне 30-40 бала келеді. Мереке күні екі есеге дейін артады. Мұнда бес адам жұмыспен қамтылған, қазіргі уақытта қосымша жастарды да қабылдадық, – дейді ол.

Ғимарат үздіксіз жұмыс істейді. Мұнда жеңілдік те қарастырылған. Атап айтар болсақ, көп-балалы аналар, ерекше балаларға 25 пайыз жеңілдік бар. 1-13 жас аралығындағы балаларға кіруге рұқсат етілген. Осылайша заманауи талапқа сай бой көтерген жаңа орталық аудан тұрғындары үшін сауда мен демалысты қатар ұштастыратын қолайлы кеңістікке айналып отыр.



ЖАҢА АЛАҢ ЖАСТАРҒА ТИІМДІ

Жыл басында ашылған футбол алаңына келуші көп. Жеке кәсіпкер Орынбек Илиясов жастарды спортқа баулу үшін бала күні арманын жүзеге асырды.

– Спортқа бала күнінен қызықтым. Ол кезде қазіргідей мүмкіндік болмады. Ойын алаңын көбіне өзіміз қолдан жасайтынбыз. Қазір басқаша. Алаңды салудағы мақсат

бұқаралық спортты дамыту болды. Нысан ашылғалы үлкендер мен балалар көп келеді. Ақылы қызмет көрсетеміз. Ересектерге, кішкентайларға бөлек баға. Тіпті жаттықтырушылар өздері әкеліп, дайындық жүргізеді. Жоба құны 67 миллион, биыл қантар айында ашылды. Жасанды газонның сапасы жоғары. Бастысы талапқа сай, – дейді ол.

Алан ангар үлгісінде салынған, ұзындығы 42 болса, ені 23 метр. Біз барғанда балалар кезекті жаттығу жасап, ойын қызып жатты.

Ойыншылардың бірі Ербол Қанибай футбол алаңына жиі келеді. Бесінші сыныпқа өтіпті. Осында достарымен футбол ойнайды. Ол жоғары санатты стандартқа сай алаңның ашылғанына қуанышты. Себебі дайындық жүргізуге қолайлы. Ербол өскенде футболшы болуды армандайды.

Орынбек кәсіпкерлікпен 2017 жылдан бері айналысады. Құрылыс материалдарын өндіреді. Мемлекеттік бағдарламаның игілігін көріп, жарқын бастамасын іске асырып отыр.

Спорт қолжетімді болғанда ғана бұқаралық сипат алады. Ал бұқаралық спортты дамытумен ұлт саулығы нығая түсері анық. Жас ұрпақ – ел болашағы. Олардың дені сау, шымыр да шыныққан, саламатты болып өсуіне бұқаралық спорттың тигізетін пайдасы зор. Жастарға осындай мүмкіндікті жасаған ел азаматы көп болсын.

АУЫЗСУ ЖҮЙЕСІ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Бағытымыз – Есет батыр елді мекені. Онда ауызсу жүйесі қайта жаңғыртылып, кеңейтілген. Бұл жұмысқа республикалық бюджеттен қаражат бөлінген. Құрылыс жұмысын «Бак-Береке 2023» ЖШС жүргізуде. Ауылдағы су жинау мұнарасының тозығы жеткен. Қыста бұзылып, халық әбiгерге түсетін. Бұл мәселе де шешімін тапты. Былтыр жаңадан су жинау мұнарасы орнатылып, ішкі көру құдықтары жанартылды. Қазір жұмыс қарқынды жалғасуда, шілде айына дейін аяқталады. Бұл жөнінде аудандық оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің басшысы Ғани Дүйсеқбаев кенінен тарқатып берді.

– Ауылға ауызсу беру үшін 2009 жылы жаңа су қоймасы салынған болатын. Содан бері жөндеу көрмей, ішкі желілері істен шыққан. Осы кезге дейін су мұнарасымен халыққа су бердік. Кейінгі уақытта осы мәселені көтеріп, қаражаты шешілді. Құрылысы «Бак-Береке 2023» ЖШС-на жүктелді. Былтырдан бері елді мекеннің ауызсуы тоқтамас үшін бірінші су жинау мұнарасы орнатылды. Биыл су қоймасының ішкі желілері, оның ішінде 10-15-тен құдық ауыстырылды. Бірінші жерасты ұңғымасы 450 метр шамасында қазылған. Сол бірінші көтерме ұңғыманың сыртқы нысаны жөнделсе, екінші ұңғыма станциясының ішкі және сыртқы бөлігі жарамсыз болып, қайта жөнделіп, жаңа насос қойылады. Ал электр станциясы жарық өшкен жағдайда автоматты түрде қосылып, халық ауызсуы тұтына береді. Енді елді мекен ішіндегі су желілері жөнделеді, – дейді ол.

Мұндағы темір-бетоннан жасалған су құдықтарының ішкі жабдықтары толық жаңартылып, әрбір тұрғын үйге заманауи радиомодульді су есептегіш құрылғылары орнатылады.

Иә, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған мұндай маңызды жобалар ауданның тұрақты дамуы мен елді мекендердің әлеуетін арттыруға негіз болмақ.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»



ЖОБА

«Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Қоса берілген «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 22 сәуірдегі №343 қаулысының 7-қосымшасы.
- Осы қаулының орындауын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі	М.Ергешбаев
	Қызылорда облысы әкімдігінің 2026 жылғы « » _____ № _____ қаулысымен бекітілген

«Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

- «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) ауыл шаруашылығы және жер қатынастарын реттеу салаларындағы функцияларды жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімдігі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
- Басқарманың ведомстволары жоқ.
- Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
- Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және атауы қазак және орыс тілінде жазылған мөртабарлары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.
- Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.
- Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.
- Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
- Басқарманың құрылым мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.
- Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 120003, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбітшік сұлтан көшесі, құрылыс 1.
- Осы ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.
- Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.
- Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерінен Басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.
- Егер Басқарма заңнамалық актілермен кіріс ескелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Басқарманың мақсаттары, функциялары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

- өңірде агроөнеркәсіптік кешен салаларының бәсекеге қабілеттілігін сапалы жана денгейге жеткізу мен экономикалық өсуге жәрдемдесу мақсатында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;
- өңірде жер қатынастары реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.
- Өкілеттіктері:
 - құқықтары:
 - Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада бекітілген тәртіппен: Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша Басқарманың мүдделерін білдіру; мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;
 - өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасауға;
 - өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;
 - қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы;
 - міндеттері:
 - заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;
 - қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;
 - жеке және заңды тұлғалардың Басқармаға жолдаған өтініштерін қарауға, олардың орындауын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беруге;
 - жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;
 - қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.
 - Функциялары:
 - өз құзыреті шегінде агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
 - ауыл шаруашылығы дақылдары егіс алаңдарының құрылымын әртараптырау мәселесі бойынша келісім (меморандум) жасау;
 - климаттың өзгеруіне оңалдықты бағалауды өз құзыреті шегінде жүргізу;
 - климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі басымдықтар мен шараларды өз құзыреті шегінде айқындау;
 - климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шараларды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру;
 - өз құзыреті шегінде айқындалған, климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шаралардың тиімділігіне мониторинг пен бағалауды жүзеге асыру және мониторинг пен бағалау нәтижелері негізінде осы шараларды түзету;
 - мыналарға:
 - агроөнеркәсіптік кешеннің дамуына;
 - азық-түлік тауарларына мониторинг жүргізу;
 - өз құзыреті шегінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
 - агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және осы саладағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қолдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
 - агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асыру;
 - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині жөніндегі мемлекеттік іс-шараларды ұйымдастыру;
 - нормативтік құқықтық базаны, баға, техникалық, келендік, салықтық, кредиттік, сақтандыру қызметін жетілдіру, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен саласындағы техникалық реттеу және мемлекеттің саясаты мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;
 - агроөнеркәсіптік кешен өнімдерін тауарлық ілгерілету жүбісін ұйымдастыру;
 - өз құзыреті шегінде агроөнеркәсіптік кешен салаларын мамандармен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру, агроөнеркәсіптік кешен қадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;
 - шығарылатын өнім түрлері бойынша өңірлік көрмелер,

жәрменкелер ұйымдастыру;

- «Агроөнеркәсіп кешеніндегі үздік кәсіп иесі» конкурсын өткізу;
- агроөнеркәсіптік кешен өнімінің саудасы бойынша көтерме базарлар ұйымдастыру;
- азық-түлік қауіпсіздігі жай-күйінің, бағаларының және агроөнеркәсіптік кешен өнімдері нарықтарының мониторингін жүргізу;
- әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру;
- азық-түлік тауарларын сатып алу бағдарламаларына қатысушыларды анықтау жөніндегі комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру;
- өз құзыреті шегінде өңірдің агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;
- өңірдің агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу;
- асыл тұқымды жануарларды сатып алуды, ұстауды және кең ауқымда өз төлі есебінен өсіру үшін мал басын молықтыратын төл өсіруді ұйымдастыру;
- қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге өткізілген бірінші, екінші және үшінші репродукциялы тұқымдардың құнын арзандатуды қамтамасыз ету;
- тиісті өңірде азық-түлік тауарлары қорларын есепке алуға жүргізу және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға есептілік ұсыну;
- өз құзыреті шегінде агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру кезіндегі комиссияның бір бөлігінің және қарыздарын сақтандыру кезіндегі сақтандыру сыйақыларын бір бөлігінің өнші толттыру;
- агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салынымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің өнші толттыру;
- кепілдендірілген сатып алу бағасы және сатып алу бағасы белгіленетін, сатып алынатын ауылшаруашылық өнімі субсидияларының нормативін әзірлеу;
- қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін терендетіп қайта өңдеп өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау;
- ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау;
- тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялауды жүзеге асыру;
- басым дақылдардың, оның ішінде көпжылдық екпелердің өндірісін субсидиялауды жүзеге асыру;
- саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге және карантинді объектілерге қарсы өңдеу жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялауды жүзеге асыру;
- жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіру шығындарын өтеу;
- тиісті жергілікті өкілді органның бекітуі үшін ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың үлгілік қағидалары негізінде әзірленген ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын әзірлеу;
- мыналар:
 - агроөнеркәсіптік кешен салаларына инвестициялар мен екінші деңгейдегі банктердің кредиттерін тарту;
 - бәсекеге қабілетті өндірістерді қалыптастыру және дамыту, оларды жаңғырту және сапа менеджментінің халықаралық жүйесіне көшіру үшін жағдай жасау;
 - мамандандырылған мал шаруашылығы қожалықтарының өсуі үшін жағдай жасау бойынша іс-шаралар әзірлеу;
 - бюджет қаражаты асабын қаржыландырылатын агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі жобалардың тізбесін жасау;
 - агроөнеркәсіптік кешеннің ақпараттық-маркетингтік жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуы үшін жағдай жасау;
 - ішкі және сыртқы азық-түлік нарықтарындағы ахуалды зерделеу және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің тиісті ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету;
 - өз құзыреті шегінде агроөнеркәсіптік кешеннің және ауылдық аумақтардың жай-күйі мен дамуы туралы ақпаратты агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға беру;
 - әкімшілік-аумақтық бірліктің азық-түлікпен қамтамасыз етілу теңгерімін жасау;
 - әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдардан көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру;
 - әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру;
 - әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру;
 - әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін сатып алынатын азық-түлік тауарларының шекті сауда үстемесін және тізбесін әзірлеу;
 - агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды жүзеге асыру;
 - агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды жүзеге асыру;
 - ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін азық-түлік астығын өткізу кезінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның шеккен шығыстарын өтеуді субсидиялауды жүзеге асыру;
 - органикалық өнім өндіру сәйкестігін растау кезінде жұмсалған шығыстардың бір бөлігін субсидиялауды жүзеге асыру;
 - тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
 - тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
 - уәкілетті органның қарауына злиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының злиталық тұқымдарды өндіру және өткізу көлемі жөнінде ұсыныстарды енгізу;
 - тұқым шаруашылығы субъектілеріне уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен тиісті куәлік бере отырып, оларды аттестаттауды жүргізу;
 - рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізімін жүргізу;
 - облыс бойынша тұқымдар баланстарын жасау;
 - ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығы саласындағы қажетті ақпарат беруді қамтамасыз ету;
 - құзыреті шегінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің сақтық және аумсалпы тұқым қорларын қалыптастыруына жәрдемдесу;
 - бастапқы, злиталық тұқым шаруашылығын жүргізу және ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын жаппай көбейту схемалары мен әдістері бойынша ұсыныстар енгізу;
 - сұрыптық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру, сұрыптық егістіктерді байқаудан өткізуді, жерге егіп бағалауды, зертханалық сұрыптық сынақтарды, тұқым сапасына сараптама жүргізу тәртібін орындауды бақылауды жүзеге асыру;
 - тиісті аумақта тұқым ресурстарының мониторингін жүзеге асыру;
 - заңнамаға сәйкес квоталар шегінде субсидиялауға жататын тұқымдарды өткізуді шекті бағасын белгілеу;
 - субсидиялауға жататын тұқымдардың әрбір түрі бойынша жыл сайынғы квоталарды;
 - тұқым шаруашылығы саласында аттестатталған әрбір субъект үшін – бірегей тұқымдар бойынша;
 - әрбір әкімшілік – аумақтық бірлік үшін злиталық тұқымдар бойынша әзірлеу;
 - субсидияланған бірегей және злиталық тұқымдардың мақсатты пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру;
 - байқаудан өткізушілер мен тұқым сарапшылығы кадрларын даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;
 - ауыл шаруашылығы өсімдіктерін тұқымдарының сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;
 - тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектордың ұсынысы негізінде;
 - субъектінің тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыруға құқығын қуәландыратын аттестаттау туралы куәлігінің қолданысын;
 - тұқымдардың сұрыптық және егістік сапаларына сараптама жүргізу жөніндегі қызметті тоқтата тұру;
 - астық нарығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
 - астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;
 - табиғи-климаттық жағдайларды және нарық конъюнктурасын ескере отырып, астық өндірісі құрылымын ынталандыру, астық өндірудің, сақтаудың және өткізудің жана озық технологияларын жетілдіру және енгізу;
 - бюджеттік бағдарламаларға сәйкес қамтамасыз ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге минералдық тыңайтқыштардың, тұқым ұялығштар мен пестицидтердің құнын арзандатуды жүзеге асыру;
 - ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне қажеттіліктерін уақытылы қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдау;

- өңірлерде техникалық реттеу саласында сәйкестікті бағалау бойынша қызметтер көрсету жөнінде бәсекелестік ортаны құру бойынша шаралар қабылдау;
- астық қабылдау кәсіпорындарын мемлекеттік бақылау;
- Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен астық қолхаттарын шығару арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тұтастай немесе жеке-жеке операцияларды жүзеге асыру бөлігінде алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұру;
- астық қабылдау кәсіпорындарының Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу, астықты сақтау, астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын сақтауын бақылау;
- Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының бұзылуы туралы нұсқамалар беру, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;
- әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде астық нарығының мониторингін жүзеге асыру;
- астық қауіпсіздігі мен сапасын мемлекеттік бақылау;
- «Астық туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде астық қабылдау кәсіпорынын астықты қоліктің кез келген түрімен тиен жөнелтуге тыйым салу;
- астық қолхаттары тізілім деректеріне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу және астықтың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау тұрғысынан астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін инспекциялау (тексеру);
- астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы сотқа арыз беру;
- астық нарығына қатысушылардың астығының нақты бар-жоғы мен сапасын және оның есепті деректерге сәйкестігін тексеру;
- астықтың сандық-сапалық жай-күйін бақылау;
- астық қолхаттарын ұстаушыларға астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына енгізу үшін кандидатуралар ұсыну туралы хабарлама жіберу;
- астық қабылдау кәсіпорынын уақытша басқаруды енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және халықтық санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның келісуі бойынша пестицидтерді залалсыздандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- арнайы сақтау орындарын (көміңділерді) салу, тиісті жағдайда күтіп-ұстау және қолдауды ұйымдастыру;
- саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары саяқ көк қасқа пегірткелерге қарсы күрес жөніндегі фитосанитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу;
- мыналар:
 - пестицидтерді өндіру (формуляциялау);
 - пестицидтерді өткізу;
 - пестицидтерді аэрозольлық және фумигациялық тәсілдермен қолдану жөніндегі қызметті лицензиялау;
- карантинді объектілердің таралуын есебін жүргізу және уәкілетті орган мен мүдделі тұлғаларға ақпарат беру;
- өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау объектілерінде осы объектілердің иелері – жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарының өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуді ұйымдастырады;
- уәкілетті орган ведомостыра аумақтық бөлімшелерінің ұсынуы бойынша тиісті аумақтарда карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу немесе оның күшін жою туралы облыс әкімдігінің қаулы боынын дайындау;
- асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- асыл тұқымды малдың, оның ішінде тектік қоры шектеулі тұқымдардың тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды субсидиялауды жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы кооперативтерін мемлекеттік қолдау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу және іс-шараларды жүзеге асыру;
- ауыл шаруашылығы кооперациясы үшін қадрлар даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру және ауыл шаруашылығы кооперациясы мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге жәрдемдесу;
- ауыл шаруашылығы кооперативтеріне және олардың мүшелеріне шығаратын өнімінің ассортименті бойынша сауда орындарын бере отырып, өңірлік көрмелер, жәрменкелер ұйымдастыру;
- ауыл шаруашылығы кооперативтерінің өнімін сату үшін коммуналдық базарларда сауда орындарын жеңілдікті шарттармен ұсыну;
- ауыл шаруашылығы кооперативтерінің құрылу және қызметінің тәжірибесін тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;
- ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту үшін қаржы ұйымдарының инвестициялары мен кредиттерін тарту, сондай-ақ, бәсекеге қабілетті өндірістерді қалыптастыру мен дамыту, оларды жаңғырту үшін жағдайлар жасау және сапа менеджментінің халықаралық жүйелеріне көшіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу;
- ауыл шаруашылығы кооперациясының ақпараттық-маркетингтік жүйесінің жұмыс істеуі және дамуы үшін жағдайлар жасау;
- уәкілетті органға жайылымдарды ұтымды пайдалану, жайылымдардың тозуымен және шөлейтенуімен күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізу туралы жартыжылдық және жылдық есептерді ұсынуға қамтамасыз ету;
- жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарлардың іске асырылуын мониторингілеуді жүзеге асыру;
- жайылымдардың оты-суының молдығы және жайылымдық инфрақұрылымдық объектілерінің жай-күйі туралы деректер жинауды жүзеге асыру;
- жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау жөніндегі жоспарларды әзірлеу;
- жайылымдардың тозуымен және шөлейттенуімен күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу;
- жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу;
- Қазақстан Республикасының Үкіметіне бір облыстың аумағындағы жайылымдарды басқа облысқа пайдалану үшін беру туралы ұсыныстар әзірлеу;
- бір ауданның (қалалардағы аудандардан басқа), облыстық маңызы бар қаланың аумағындағы жайылымдарды, оның ішінде шалғайдағы жайылымдарды басқа ауданға (қалалардағы аудандардан басқа), облыстық маңызы бар қалаға пайдалану үшін беру;
- тиісті әкімшілік – аумақтық бірлік аумағында бал ара шаруашылығының дамуын және қорғалуын бақылау;
- Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы заңнамасына сәйкес селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты үйлестіруді және бал ара шаруашылығындағы асыл тұқымдық істерді мемлекеттік қолдауды ұйымдастыру;
- бал ара шаруашылығы саласында мамандарды даярлау және қайта даярлау жөніндегі қызметті үйлестіру;
- Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 44-2-бабында өзгеше көзделмесе, облыстың жергілікті атқарушы органының жер қойнауын пайдалану мақсаттары (өндіру жөніндегі; бірлескен барлау және өндіру жөніндегі; барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін), магистральдық құбыржолдарды, мұнай және газ өңдеу объектілерін салу (реконструкциялау) үшін, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер учаскелерін беру жөніндегі, сондай-ақ пайдалы қазбалардың кен орындары табылған кезде және оларды игеру үшін, магистральдық құбыржолдарды салу (реконструкциялау), жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер учаскелерін мемлекет мұқтажына және мәжбүрліпен иеліктен шығару жөніндегі ұсыныстарын және шешімдерінің жобаларын дайындау;
- жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- облыстың жергілікті атқарушы органының мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдары мен олардың тәжірибе шаруашылықтарына, сондай-ақ мемлекеттік тұқым өсіру шаруашылықтары мен асыл тұқымды мал зауыттарына жер учаскелерін беру жөніндегі ұсыныстарын мен шешімдерінің жобаларын дайындау;
- аумақтық сулар алып жатқан жер учаскелерін жанданды ғимараттар салу үшін беру жөніндегі облыстың жергілікті атқарушы органының ұсыныстарын және шешімдерінің жобаларын дайындау;
- облыстың жергілікті атқарушы органының қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін жер учаскелерін беру және алып қою жөніндегі ұсыныстарын және шешімдерінің жобаларын дайындау;
- жерді резервте қалдыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;
- өз құзыреті шегінде жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

122) жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

123) облыстың жерін аймақтарға бөлу жобаларын, жерді ұтымды пайдалану жөніндегі жобалары мен схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

124) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын, облыстық, қалалық, аудандық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;

125) өз құзыреті шегінде жер учаскесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасау және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

126) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың деректері негізінде облыстың жер балансын жасау;

127) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 71-бабына сәйкес облыстың жергілікті атқарушы органының іздеуіне рұқсат беруі жөнінде ұсыныстар дайындау;

128) ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

129) жер-қадастрлық жоспарды бекіту;

130) аудандық маңызы бар қалалар маңындағы аймақтардың шекараларының жобасын облыстық жергілікті өкілді органының бекітуі үшін әзірлеу;

131) жер комиссиясының құрамын қалыптастыруға қамтамасыз ету, тиісті жергілікті өкілді органды бекітуге жіберу үшін комиссия туралы ережені әзірлеу;

132) аудандарлық маңызы бар уақытша пайдаланылатын мал айдау жолдарына жер учаскелерін беру жөніндегі облыстың жергілікті атқарушы органының ұсыныстарын және шешімдерінің жобаларын дайындау;

ТАҒЫЗЫМ



САБЫР САЛҒАН САРА ЖОЛ

Тарих бетінде қоғамда өшпестей үлгі қалдырған зиялы қауымның ізі мен тауқыметті де өнегелі өмірі жатыр. Солардың қатарында өзіндік орны бар Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы педагогика ғылымдарының докторы, информатика доценті, педагогика профессоры, Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі, асыл азамат, еліміздің білім саласының дамуына елеулі үлес қосқан білгір маман Сабыр Қариұлының бұл дүниеден өткеніне де бес жыл болып қалған екен.

Сабырмен таныстығымыз 1986 жылы Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтына оқытушылық қызметке орналасуымынан басталды. Ол 1956 жылы 6 маусымда Арал ауданы, Қамбаш ауылында дүниеге келген. Мектеп бітірген соң отбасына қарайласып, бір жылдай «Жамбыл» колхозында балықшы болып жұмыс істейді. Сосын Қарағанды мемлекеттік университетінің математика факультетіне түсіп, аталған оқу орнын «Есептеу математикасы және программалау» мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Қызылорда қаласындағы орта кәсіптік училищеді информатика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеген.

Нағашы әжесі Ұрхияның ертегілер мен батырлар жырын қайталап оқытып, бала кезде қалыптастырған тәрбиесінен болар, ілімге, ғылымға деген қызығушылығы Сабырды Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогика институтына алып келді. Мұнда оқытушы, инженер-программист, зертхана меңгерушісі қызметтерін атқара жүріп, Мәскеу қаласына екі жылдық тағылымдамаға жіберілді. Аталған тағылымдаманы бір жылда игеріп, Ресей Білім Академиясының (КСРО ПГА, Мәскеу қаласы) білімді ақпараттандыру орталығындағы аспирантурасына түсті. Информатиканы оқыту әдістемесі мен теориясы мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін иеленді. Ол кезде ғылым кандидаты дәрежесін алу материалдық жағынан сауын сиыр алғандай, ал рухани жағынан өзіне деген сенім орнығып, қызметтік өсуіне жол ашылатын. Мерзімінен бұрын қорғаған Сабыр елге диплом ғана емес, ұжымға жаңашылдық, компьютерлендіру екіпінін ала келді.

Қазақстанда алғашқылардың бірі болып жүйені ақпараттандыруды қолға алған білікті маман – Ресей Білім Академиясы ақпараттандыру орталығының докторантурасында оқып, докторлық диссертациясын мерзімінен бұрын сәтті қорғаған Қазақстандағы алғашқы ғылым докторы. Сабыр Қариұлы қаншама жетістікке қол жеткізгенмен, адами қалпынан ешбір ауытқымаған, досқа, әріптеске деген адалдығын сақтаған, сенімін ақтаған қарапайым жан еді.

Сол кезде компьютердің тілін жете меңгерген, ақпараттандыру әлемін әріден еңсерген Мәскеуден келген ғылым докторына қызықпаған адам кемде-кем шығар. Оның үстіне көпшілік түсіне қоймаған жаңа терминдерді сөз арасында әңгімесінен тұздығына қосып, айналасындағыларға басқа әлемнен келген адамдай әсерлі айтатын. Университет басшылығы жаңадан ашылған құрылым «Экономика және менеджмент» оқу-ғылыми кешенінің директоры қызметіне лайықты деп санады. Мәскеуден жиган тәжірибесі мен көрген-білгені Ресей – Қазақстан заманауи гуманитарлық университеті Қызылорда филиалының ректоры қызметіне алып келді.

Сабыр Қариұлы 2000 жылы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің шақыруымен Астана қаласына қоныс аударды. Бойына дарынған елгезек қасиетімен аз уақытта елмен етене араласып, осы жерден жанына жазықтас ағалар, ізіне ерген ізетті інілер, адал айнымас достар мен әріптестер тапты. Жұмыста жақсы қырынан танылған маманды бағалап, Жоғары мектеп проблемасы ғылыми-зерттеу институтының директоры, педагогикалық институт директорының орынбасары, педагогика кафедрасының меңгерушісі, информатика кафедрасының профессоры қызметтеріне тағайындалды.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде «Ақпараттық жүйелер және есептеу техникасы» кафедрасының меңгерушісі, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім Академиясының вице-президенті, Білімді Ақпараттандыру орталығының директоры қызметтерін абыроймен атқарды.

Сабыр Қариұлы мемлекеттік органдарда сарапшы, кеңесші, Білім және ғылым министрлігі «Оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі» мамандығы бойынша эксперттік кеңестің төрағасы, сондай-ақ бірнеше диссертациялық кеңестің мүшесі болған кезінде қол ұшын берген еңбегі елдің есінде, азаматтардың жадында. Ол оқытудың инновациялық технологиясы бойынша ғылым докторын және бірнеше ғылым кандидаттарын даярлады.

Студент кезінде бас қосқан Қалия екеуі екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Мағжан, Мейіржан, Аруназ, Әлимансұр сияқты немерелерінің сүйікті ата-әжелері. Сабырдың аңғалдығы мен аңқаулығын, майда-шүйдіге мән бермейтін мәрттігін батырдың болмысына санаған Қалия ұмытқанын есіне салып, келген-кеткенін түгендеп, азаматын қадірлеуден танабады. Қаншама жыл жарының жан азабына қанатымен су сепкен қарлығаштай дауа іздеп, соңғы сәтінде дейін қызметін жасады. Балалары мен немерелерінің қызығын көріп ұзақ тұмыр кешсін деп тілейміз.

Сабыр досымыз тірі болғанында 70 жасқа толып, торқалы тойын атаған болар едік. Алайда, оның жарқын бейнесін санамызда сақтаулы, жадымызда жаттаулы күйінде еске алумен шектелмей, Бұл – жазмыштың жазуы, Тәңірдің берген тағдыры. Жатқан жері жайлы, жаны жәннатта болсын!

Бахытхан АБДИКАРИМОВ,
Қызылорда ашық университетінің проректоры,
физика-математика ғылымдарының докторы,
профессор

ӨНЕП



Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық мәдениеті – ұлттың рухани болмысын, тарихи жадын және көркемдік дүниетанымын сақтап келген бай мұра. Соның ішінде қобызбен жыр орындау дәстүрі ерекше орын алады. Бұл өнер түрі тек әуен мен сөздің қосындысы ғана емес, халықтың терең философиялық танымын, өмірге көзқарасын, елдік мұратын танытатын күрделі рухани құбылыс болып саналады.

Қобыз қазақ ұғымында ежелден киелі аспап ретінде бағаланған. Оның үні адамның ішкі сезімін, табиғаттың сырын, заманның муңын жеткізетін ерекше дыбыстық болмысқа ие. Ал жыр – халықтың тарихи тәжірибесін, батырлық рухын, адамгершілік мұратын ұрпақтан ұрпаққа жеткізген сөз өнері. Осы екі арнаның тоғысуынан қобызбен жыр орындау дәстүрі қалыптасты.

Қобыз сарынындағы тарих пен тағылым

Бұл дәстүрдің түп негізі Қорқыт ата есімімен тығыз байланысты. Қорқыт туралы аңыздар мен күйлер қазақ халқының қобызға деген ерекше құрметін айқындайды. Оның сарыны кейін бақыс-жыраулар, жыршылар, қобызшылар арқылы жалғасып, ұлттық өнердің маңызды саласына айналды. Қазақ халқының көне музыкалық аспаптарының бірі ретінде ғасырлар бойы халықпен бірге жасалып келеді. Оның құрылысы да, үні де табиғатпен тығыз байланысты. Тұтас ағаштан ойылып жасалуы, шанағына тері тартылуы, ішегін жылқы қылынан тағылуы табиғи болмысын көрсетеді. Мұндай ерекшеліктер аспаптың дыбысына да әсер етіп, оған қыр, терең, мұңды әрі сырлы үн береді.

Ежелгі дәуірлерде қобыз бақыслық дәстүрмен тығыз байланыста болды. Өйткені емішілік, ғұрыптық, рухани рәсімдерде қолданылған. Халық сенімінде үні адам жанын тыныштандырып, тылсым күштермен байланыс орнатады деген түсінік қалыптасқан. Сондықтан қарапайым музыкалық аспап ретінде емес, киелі құрал ретінде қабылданды. Уақыт өте келе бұл шеңберден шығып, жыраулық және жыршылық өнермен ұштаса бастады. Жыраулар ел тарихын, батырлар ерлігін, халықтың мұң-мұқтажын, өмір туралы толғаныстарын жеткізді. Оның үні жырдың мазмұнын күшейтіп, тыңдаушыға ерекше әсер сыйлады.

Қобызбен жыр орындау дәстүрін сөз еткенде, Қорқыт ата мұрасын айналдыру мүмкін емес. Ол жалпы түркі халықтарының рухани мәдениетінде даналықтың, күйшілік өнердің, мәңгілік өмір туралы толғаныстың символы ретінде танылады. Халық аңыздарында қобызды алғаш жасаған, оның үні арқылы адамзат тағдырын, өмір мен өлімнің сырын толғаған тұлға ретінде бейнеленеді.

Қорқыт күйлерінің ерекшелігі – олардың философиялық тереңдігінде. Бұл сарындарда адамның

өмірге құштарлығы, ажалмен күресі, мәңгілікке ұмтылысы көрініс табады. Сондықтан тек музыкалық шығарма ретінде емес, халық дүниетанымының көркем көрінісі ретінде бағаланады.

Қорқыттан бастау алған қобыз сарыны кейінгі жыраулардың орындаушылық дәстүріне әсер етті. Жыраулар жырды жай ғана айтып қоймай, оны белгілі мақаммен, ырғақпен, дауыс мөнерімен орындаған. Қобыз сол орындаудың эмоциялық қуатын арттырып, жырдың ішкі мазмұнын тереңдеті түсті.

Жыраулық өнерде сөз бен саз бір-бірінен ажырамайтын тұтас құбылыс болды. Жырдың мәтіні халықтың ой-санасын жеткізсе, қобыздың үні сол ойдың сезімдік астарын ашты. Осы тұрғыдан алғанда, қобызбен жыр айту – қазақ өнеріндегі синкретті дәстүрдің жарқын үлгісі.

Қазақ даласында қобызбен жыр орындаған өнер иелері аз болмаған. Олардың қатарында Қойлыбай бақыс, Жанак жырау, Ықылас Дүкенұлы сияқты тұлғалардың орны ерекше. Бұл өнерпаздар қобызды тек аспап ретінде емес, рухани мұраның өзегі ретінде танып, халық арасында кеңінен насихаттаған.

Қойлыбай бақыс туралы аңыздарда қобыз өнеріне ерекше қасиет көрсеткені, рухани күш иесі ретінде танылғаны айтылған. Оның бейнесі қазақ халқының көне дүниетанымындағы бақыслық, жыраулық және қобызшылық дәстүрдің бір-бірімен тығыз байланысты болғанын көрсетеді.

Жанак жырау да – қобызбен жыр орындау дәстүрінде өзіндік орны бар тұлға. Ол ел аралап, халық жырларын орындап, әсіресе, эпикалық мұраларды жеткізуде үлкен қызмет атқарған. Жанактың орындаушылық өнері жыр мен қобыздың үйлесімді бірігін танытады.

Ал Ықылас Дүкенұлы қобыз өнерін жана белеске көтерген ірі тұлға ретінде белгілі. Ол Қорқыт дәстүрін жалғастырып қана қоймай, қобыздың көркемдік мүмкіндігін кеңейтті. Ықы-

ластың күйлері арқылы қобыз халықтық орындаушылықтан кәсіби өнер деңгейіне көтеріле бастады.

XIX-XX ғасырлар қазақ қоғамы үшін үлкен тарихи өзгерістер кезеңі болды. Осы өзгерістер қобызбен жыр орындау дәстүріне де әсер етті. Халық биліктің жойылуы, отарлық саясаттың күшеюі, көшпелі өмір салтының әлсіреуі жыраулардың қоғамдағы бұрынғы орнын өзгертті. Бұрын олар ел басқару ісіне араласып, хан ордасында ақылшы, рухани жетекші қызметін атқарған. Халықтың мұңын жеткізіп, елдік мәселелерді жыр арқылы көтерген. Ал қоғамдық құрылым өзгерген кезде бұл қызмет бірігіп шектеле бастады. Сонымен қатар кеңестік кезеңде дәстүрлі діни-рухани ұғымдарға, бақысшылыққа, көне наным-сенімдерге сыни көзқарас күшейді. Қобыздың бақысшылықпен байланысы оның еркін дамуына белгілі бір дәрежеде кедергі келтірді. Осылайша қобызбен жыр айту дәстүрі бұрынғы табиғи ортасынан алыстап, кейбір орындаушылық мектептер әлсірей бастады.

Дегенмен бұл дәстүр толық жойылып кеткен жоқ. Халық жадында, жекелеген орындаушылардың шығармашылығында, аймақтық өнер мектептерінде үлгілері сақталып қалды. Кейін кәсіби музыкалық білім беру жүйесінің қалыптасуы бұл өнердің қайта жаңғыруына мүмкіндік берді. Тәуелсіздік жылдарында ұлттық мәдени мұраға деген көзқарас жаңарып, дәстүрлі өнерге қызығушылық арта түсті. Осы үдеріс қобызбен жыр орындау дәстүрінің қайта жаңдануына жол ашты. Қазіргі уақытта бұл өнер тек тарихи мұра ретінде ғана емес, кәсіби сахналық орындаушылықтың бір саласы ретінде де дамып келеді.

XXI ғасырдағы қобызбен жыр орындаушылар көне дәстүрді сақтай отырып, оны жана орындаушылық талаптармен ұштастыруға ұмтылды. Қазіргі өнерпаздардың репертуар таңдауы, мақам ерекшелігі, сахна-

лық мәдениеті қобызбен жыр айту өнерінің жаңа сипат алғанын көрсетеді. Орындаушылар үшін қобыз тек сүйемелдеуші аспап емес, жыр мазмұнын ашатын көркемдік құралға айналды. Қобыздың үні арқылы жырдың драмалық қуаты күшейіп, тыңдаушыға әсері артады. Бұл дәстүрдің бүгінгі сахнада да маңызын жоғалтпағанын білдіреді. Сонымен қатар қобызбен жыр айту өнерін оқу орындарында оқыту, ғылыми тұрғыдан зерттеу, фестивальдер мен концерттер арқылы насихаттау – оның болашақта сақталуына ықпал ететін маңызды қадамдар.

Дәстүрлі өнердің өміршеңдігі оны тек сақтау арқылы емес, жас ұрпаққа үйрету, орындаушылық тәжірибеге енгізу арқылы қамтамасыз етіледі. Қобызбен жыр орындау дәстүрі – қазақ халқының рухани мәдениетіндегі терең тамырлы өнер саласы. Бұл дәстүрде көне дүниетаным, жыраулық поэзия, музыкалық орындаушылық және халықтық философия өзара тоғысқан. Қобыздың қоңыр үні мен жырдың мағыналы сөзі бірігіп, қазақтың тарихи жадын, елдік рухын, адамгершілік мұратын ғасырлар бойы сақтап келді.

Қорқыттан бастау алған қобыз сарыны кейін бақыс-жыраулар, қобызшылар, жыршылар арқылы жалғасып, ұлттық өнердің маңызды арнасына айналды. XIX-XX ғасырлардағы тарихи өзгерістер бұл дәстүрді әлсіреткенмен, оның рухани өзегі үзілген жоқ. Қайта тәуелсіздік кезеңінде қобызбен жыр айту өнері жана тыныс алып, қазіргі мәдени кеңістікке қайта жаңғыра бастады. Сондықтан қобызбен жыр орындау дәстүрін зерттеу, сақтау және дамыту – ұлттық өнерді құрметтеудің, рухани сабақтастықты жалғастырудың маңызды жолы. Бұл өнер қазақ халқының өткенін танытып қана қоймай, бүгінгі ұрпақтың ұлттық болмысын нығайтуға қызмет етеді.

Салтанат ЕРСҰЛТАН

Жеке тұлғалардың банкроттығы

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заңы 2022 жылғы 30 желтоқсанда қабылданып, 2023 жылдан бастап жеке тұлғалардың банкроттық рәсімдері жүзеге асырылууда.

Қарыз бар жеке тұлғалар өзін банкрот деп тану туралы өтініш бере алады. Бұл үшін үш түрлі рәсім көзделген:

- соттан тыс банкроттық;
- сот арқылы банкроттық;
- төлем қабілеттілігін қалпына келтіру.

Заңдағы жеке тұлғалардың қарыз мәселелерін шешуге арналған рәсімдерінің бірі бұл – соттан тыс банкроттық.

Соттан тыс банкроттық рәсімі – бұл қиын қаржылық жағдайға тап болған және қарыздарын өтей алмайтын азаматтарға банкроттық туралы сотқа жүгінбей мәлімдеуге мүмкіндік беретін механизм. Заңның 5-бабына сәйкес, азаматтар соттан тыс банкроттық рәсіміне өтініш бере алады. Бұл рәсім қаржылық қиындыққа тап болған азаматтарға қарыз мәселесін заң аясында шешуге мүмкіндік береді.

Заң талаптарына сәйкес, соттан тыс банкроттық рәсімі банкрот, микроқаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер алдындағы берешектерге ғана қолданылады. Азаматтың жалпы қарызы 1600 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

Сонымен қатар, өтініш берушінің атында ешқандай мүлік, оның ішінде ортақ меншіктің үлесі де болмауы қажет. Сондай-ақ азамат өтініш берген күнге дейін соңғы он екі ай ішінде қарызын өтемеген болуы тиіс. Бұл ретте арыз беру уақытында қолданыста болатын бір айлық есептік көрсеткіштен асатын кез келген төлем қарызды өтеу болып есептеледі.

Заңның 5-бабында кредитор мен борышкер арасында қарызды реттеу және өндіріп алу рәсімдері жүргізілуі керек екені де көрсетілген. Бұл шаралар мерзімі өткен берешек пайда болған соттан бастап он екі ай ішінде жүзеге асырылуы тиіс. Алайда бұл талап 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін рәсімделген банк қарызы мен микрокредит шарттарына қолданылмайды.

Бұдан бөлек, азамат соңғы жеті жыл ішінде соттан тыс немесе сот арқылы банкрот деп танылмаған болуы қажет.

Заңда әлеуметтік тұрғыда қорғалатын азаматтарға арналған жеңілдіктер де қарастырылған. Мәселен, егер борышкер соңғы алты ай ішінде

атаулы әлеуметтік көмек алған болса, оған он екі ай бойы төлем жасамау талабы қолданылмайды. Ал қарызын өтемеген мерзім бес жылдан асқан азаматтар жоғарыдағы талаптарға қарамастан соттан тыс банкроттық рәсіміне өтініш бере алады.

Борышкер соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) арқылы, сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы ұсынатын eGov.kz электрондық үкімет порталы немесе eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы белгіленген нысан бойынша бере алады. Заңнамаға сәйкес, өтініш беру кезінде азаматтан қосымша құжаттар талап етілмейді. Барлық өтініштер «QOLDAU» бизнес пен азаматтарға арналған цифрлық платформасының «TAZALAU» сервисінде түсіп, белгіленген талаптарға сәйкестігі автоматты түрде тексеріледі.

Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыздар Заңның 5-бабында көзделген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті орган соттан тыс банкроттық рәсімін қолданудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Борышкер соттан тыс банкроттық рәсімін қолданудан бас тартуға себеп болған негіздерді жойғаннан кейін, бірақ бас тартуды алған күннен кейін үш ай өткен соң соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды қайтадан беруге құқылы.

Арыз беруші аталған заң талаптарына сәйкес келген жағдайда Заңның 19-бабына сәйкес, борышкерге қатысты соттан тыс банкроттық рәсімі қолданылып, алты ай мерзімі негізінде рәсім жүргізіледі. Аталған рәсім аяқталған соң, банкротқа қарыздар (ломбардтарлық микрокредиттерін алудан басқа) берілмейді, сондай-ақ одан банктік қарыз және микрокредит беру шарттары бойынша кепіл, кепілдік және кепілгерлік түріндегі қамтамасыз ету қабылданбайды.

Сонымен қатар, борышкер банкрот деп танылғаннан кейін үш жыл бойы атына мүлік, оның ішінде ортақ бірлескен мүлік тіркемеуі тиіс, мүлікті тіркеу анықталған жағдайда, рәсімді тоқтатуға немесе банкроттың міндеттемелерін тоқтатудан бас тартуға негіз болуы мүмкін.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті

Хабарландыру

«Turanium» ЖШС 11.06.2026ж -17.06.2026 ж. аралығындағы кезеңде Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында, <https://ndbecology.gov.kz> «Жанакорған ауданы Байкенеже ауылында орналасқан Хорасан-1 кенішінің геотехникалық полигонындағы СЖР-3 нысанына дейінгі ұзындығы 8 км асфальтбетон жамылғылы автомобиль жолының құрылысы» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады.

Ұлттық экологиялық деректер банкінің <https://ndbecology.gov.kz> сайтында жобалық құжаттама пакетімен танысуға және ескертүүлер мен ұсыныстарды беруге болады.

Объявление

ТОО «Turanium» сообщает о том, что в период с 11.06.2026 по 17.06.2026 г. на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, <https://ndbecology.gov.kz> будет проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по Разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Устройство асфальтированной дороги протяженностью 8 км до СЖР-3 на геотехническом полигоне рудника «Хорасан-1» в селе Байкенеже Жанакорганского района».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных <https://ndbecology.gov.kz> а также для предоставления замечаний и предложений.

/// САЛТАНАТ СӘНІ

ЖАЗДЫҢ ЖАРҚЫН КҮНДЕРІ



Суреттерді түсірген Н.Нұржақыбайұлы

Жаз мезгілі – балалар үшін демалыс пен қызықты сәттердің, жаңа білім мен жарқын әсерлердің кезеңі. Биыл Қызылорда қаласында оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлініп отыр. Қалалық білім бөлімінің мәліметінше, 70 мыңнан астам оқушының 98,5 пайызының бос уақытын мазмұнды өткізу жоспарланған.

Осы мақсатта мектеп жанынан 61 жазғы тынығу лагері ашылып, онда мыңдаған бала демалды. Сонымен қатар қала сыртындағы лагерлерде, этно және шатыр лагерлерде, спорттық және дебаттық алаңдарда, үйірмелер мен экскурсияларда балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасалған.

Жазғы маусымның басталуына орай Қызылжарма ауылдық округіндегі №295 «Келешек мектебінде» «Жазғы Time» лагерінің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Лагерь аумағында оқушылардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған түрлі үйірмелер мен арнайы алаңдар жұмыс істейді. Әсіресе ұлттық құндылықтарды доріктеуге басымдық берілген. Мектеп ауласында арнайы тігілген киз үйде домбыра үйірмесі ұйымдастырылып, балалар қазақтың қасиетті аспабында күй шертіп, ұлттық өнердің қыр-сырын меңгеруде. Бұл үйірмеге 50 бала қатысады.

Сонымен қатар «Шаңырақ» үйірмесіне 20 оқушы тартылса, робототехника бағыты бойынша 15 бала білімін жетілдірді. Футбол секциясына 20 оқушы, ал шахмат үйірмесіне 15 оқушы қатысып, қабілетін шыңдап жатыр.

Өткен жылдың күзінде пайдалануға берілген заманауи мектепте бүгінде 832 оқушы білім алады. Мектеп директоры Ғазиз Төребаевтың айтуынша, жазғы лагерге күн сайын 170-ке жуық бала келеді. Оның ішінде түрлі үйірмелерге қатысатын оқушылар да бар.

– Балалардың қауіпсіздігі мен жайлы демалысы үшін барлық жағдай жасалған. Оқушылар ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Лагерь жұмысының басты мақсаты – балалардың бос уақы-

тын тиімді ұйымдастырып қана қоймай, олардың шығармашылық, спорттық және интеллектуалдық дамуына мүмкіндік беру, – дейді мектеп директоры.

Ашылу салтанатында балалар өнер көрсетіп, түрлі ойындарға қатысты. Ата-аналар мен қонақтар лагердің материалдық-техникалық базасымен танысып, оқушылар үшін жасалған мүмкіндіктерге оң бағасы берді.

Жалпы, жазғы демалыс – балалардың жаңа достар тауып, білім мен тәжірибе жинақтайтын кезеңі. Ал «Жазғы Time» лагері осы міндетті абыроймен атқарып, жас ұрпақтың жарқын болашағына бағытталған игі жобалардың біріне айналып отыр.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

/// БӘРЕКЕЛДІ!



Вьетнамның Дананг қаласында өткен 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында Қазақстан құрамасының мүшесі, аралдық жас балуан Мирас Махамбет алтын медаль жеңіп алып, ел мерейін үстем етті.

Грек-рим күресінен 65 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен жерлесіміз жарыс барысында жоғары деңгейдегі шеберлігі мен қайсар мінезін көрсетті. Ширек финалда Қытай спортшысы Юнчи Чуды жеңсе, жартылай финалда ирандық Хамид Али Деханзадехтен басым түсті. Ал финалда Өзбекстан өкілі Сардор Махмудовпен белдесіп, 3:2 есебімен жеңіске жетті. Осылайша Мирас құрлық чемпионы атанып, байрағымызды Азия төрінде желбіретті.

АРАЛДЫҚ ҰЛАН АЗИЯНЫ БАҒЫНДЫРДЫ

Мирас Арал ауданына қарасты Аралқұм ауылында дүниеге келген. Болашақ чемпионның спорттағы жолы туған ауылынан басталды. Ол 10 жасынан грек-рим күресімен шұғылданып, алғашқы жаттығуларын ауылдағы бапкері Әбу Кистановтың жетекшілігімен өткізді. Асыртының бойындағы қабілетті алғашқылардың бірі болып байқаған жаттықтырушы оны үлкен спортқа бағыттап, күрестің қыр-сырын үйретті.

Кейін Мирас Арал аудандық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде жаттықтырушы Ардақ Таңатаровтың қол астында шеберлігін шыңдады. Бапкерінің айтуынша, шәкірті жас кезінен-ақ еңбекқорлығымен және жауапкершілігімен ерекшеленген.

– Мирас жаттығудан қалмайтын, өзіне қойылған талапты әрдайым орындауға тырысатын. Оның бойынан чемпионға тән мінезді ерте байқады. Бүгінгі жеңіс – ұзақ жылғы еңбектің жемісі. Бұл – тек Миранстың ғана емес, оны тәрбиелеген бапкерлердің, ата-ананың және туған жерінің ортақ қуанышы, – дейді Ардақ Таңатаров.

Қазір Мирас Астана қаласындағы Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің 11-сыныбында білім алып жүр. Елордала тәжірибелі бапкерлер Оралхан Құлсағұров пен Дәурен Кегенбаевтың жетекшілігімен жаттығады.

Азия чемпионатына дайындық кезеңі де қарқынды өтті. Қазақстан құрамасының сапында бірнеше оқу-жаттығу жиынына қатысқан жас балуан халықаралық додаға тыңғылықты дайындалды.

– Азия чемпионатына дейін ұлттық құрама сапында бірнеше оқу-жаттығу жиынынан өттік. Білікті мамандардың көмегімен шеберлігімізді жетілдіріп, жарысқа жан-жақты дайындалдық. Қолдау көрсеткен бапкерлеріме, сенім артқан барша жанға алғысымды білдіремін. Бұл жеңіс – баріміздің ортақ еңбегіміздің нәтижесі, – дейді Азия чемпионы.

Миранстың спорттағы жетістіктері бұған дейін де назар аударған болатын. Ол 2024 жылы U-15 жас санатындағы Азия чемпионатының қола жүлдегері атанып, Қазақстан чемпионатының жеңімпазы болды. 2025 жылы U-17 Қазақстан чемпионатында қола медаль иеленсе, биыл ел біріншілігінде алтын жүлде жеңіп алды. Енді сол табыстар қатарына Азия чемпионатының алтын қосылып отыр.

Аралқұмның топырағында түлеп ұшқан талантты жас бүгінде Сыр өңірінің ғана емес, бүкіл елдің мақтанышына айналып отыр. Мирас Махамбеттің бұл жеңісі қазақ күресінің әлеуетін тағы бір мәрте дәлелдеп, жас спортшыларға жігер сыйлады. Алда оны әлемдік додалар күтіп тұр. Азия чемпионы енді халықаралық аренада Қазақстанның абыройын асқатқанды мақсат етеді.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

Жарамсыз деп есептелсін

«Азаматтардың бастамаларын қолдау қоры» қоғамдық қоры мекемесі (БСН 190240001180) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

/// БӘРЕКЕЛДІ!

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУ ЖҮЛДЕСІ ЖАҢАҚОРҒАНДА

Жақында Жаңақорған ауданы Қандөз ауылындағы Ғани Мұратбаев атындағы №240 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жанат Әлайдарқызы шәкірті, 11-сынып оқушысы Балназ Жұмахан екеуі Түркияның Стамбул қаласында ұйымдастырылған «DEDE KORKUT PLATFORMU» халықаралық байқауына қатысты.

Байқауға 80-нен астам елден 100-ге жуық оқушы келіп, ғылыми жобаларын сарапта салды. Балназ Жұмахан әлемдік долада үздік ондықтың қатарына еніп, I орынды жеңіп алды.

Ұстаз бен шәкірт «Қорқыт баба мұрасының бүгінгі күнмен байланысы» тақырыбындағы ғылыми жобасын түрік тілінде қорғады. Оқушы еңбегінде Қорқыт ата жырларындағы адамгершілік құндылықтар, ерлік пен адалдық, отансүйіштік идеясының бүгінгі қатар тәрбиесіндегі орны туралы зерттелген.

– Біз ұзақ уақыт бойы іздендік, түрлі дереккөздерді ақтардық. Тек ғылыми еңбек-



термен шектелмей, оны қазіргі өмірмен байланыстыруға тырыстық. Еңбек ақталып, шәкіртіміз биіктен көрінді, – дейді Жанат Әлайдарқызы.

Ұстаздың айтуынша, мұндай байқауларға қатысу оқушының жан-жақты дамуына ықпал етеді, дүниетанымын кеңейтеді, өз-өзіне сенімін арттырады. Балназдың өзі де

байқауда мол тәжірибе жинағанын айтты.

– Жобаны дайындау барысында көптеген ақпаратқа сүйендім. Түрік тілін меңгердім. Әрине, алғашында жеңіл болмады. Бірақ ұстазымын қолдауының арқасында барлық қиындықты жеңдік. Қорқыт баба туралы зерттеу жүргізу мен үшін қызықты болды. Оның жырларында ойдың бүгінгі күнмен тығыз байланысты екенін түсіндім. Байқауда әлемнің әр елінен келген оқушылармен таныстым. Олардың өз мәдениетін, тілін, тарихын қалай құрметтейтінін көріп, өз еліме деген мақтанышым артты, – дейді жас зерттеуші.

Ұстаз бен шәкірт байқауда бақ сынаумен қатар, түркі әлемінің мәдениетімен жақынырақ танысты. Қаладағы тарихи орындарды аралап, рухани әсер алды. Ауыл мектебін шыққан оқушының халықаралық деңгейде топ жаруы – үлкен жетістік.

Дильнара ЕҒЕУБАЕВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
I-курс студенті

/// ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

ҮЙЛЕСІМДІ ЖҰМЫС ҮЛГІСІ

Жаз айлары – дала мен орман алқаптарында, сондай-ақ елді мекендерде өрт оқиғалары жиілейтін кезең. Әсіресе аптап ыстық пен құрғақшылық күшейген уақытта өрттің таралу қаупі бірнеше есе артады. Сондықтан төтенше жағдайлардың алдын алу, жауапты қызметтердің дайындығын пысықтау және күш-құралдардың үйлесімді жұмысын тексеру бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі саналады. Осы мақсатта Қызылорда облысында «Өрт-2026» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өтті.

Екі күнге созылған іс-шара барысында табиғи және дала өрті туындағанда азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің дайындығы сыналтып, төтенше жағдай кезінде әрекет ету тетіктері іс жүзінде пысықталды. Оқу-жаттығуға 78 қызметкер мен 45 арнайы техника қатысып, мамандардың кәсіби даярлығы мен техникалардың мүмкіндіктері тексерілді.

Жаттығу үш кезең бойынша өткізілді. Бірінші кезеңде төтенше жағдай болған кездегі басқару органдарының іс-қимыл алгоритмдері, жауапты мекемелер арасындағы өзара байланыс пен ақпарат алмасу жүйесінің тиімділігі тексерілді.

Екінші кезеңде Сырдария өзенінің

сол жағалауында азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйелеріне қарасты техникалардың көрмесі ұйымдастырылды. Қатысушылар мен мамандар арнайы техникалармен танысып, оларды дала және орман өрті кезінде қалай қолдануды көрсетті.

Ал үшінші кезеңде «Шіркейлi» каналының жағалауында практикалық жаттығу өткізілді. Бұл кезең – оқу-жаттығудың ең маңызды әрі жауапты бөлігі. Арнайы мамандар алдын ала белгіленген аумақта шартты түрде өрт шығарып, төтенше жағдай кезіндегі іс-қимылдардың толық циклін көрсетті. Өрт шағы анықталған сәттен бастап күш-құралдар дереу жұмылдырылып, жалынның таралу бағыты бағаланды.



Кейін мамандар өртті қысқа мерзім ішінде қоршауға алып, оны өшірді. Арнайы техникалардың көмегімен жалын толықтай сөндіріліп, қауіпсіздік шараларының сақталуы бақылауға алынды.

Сонымен қатар шаратты түрде зар-

дап шеккен азаматтарға алғашқы медициналық көмек көрсету, халықты қауіпсіз аймаққа көшіру және түрлі қызметтердің өзара үйлесімді әрекет етуі жан-жақты пысықталды. Практикалық бөлім барысында әрбір құры-

лымның кәсіби дайындығы мен жедел шешім қабылдау қабілеті сыналды.

Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру басқармасының бастығы Нұрболтаев Қиятовтың айтуынша, көктем туғаннан өрттің қаупі кезеңі де қатар келеді.

– Көктемнен бастап өрт қаупі артатын маусымға кіреміз. Әсіресе күннің қызуы күшейіп, ауа райы құрғақ болған кезеңде өрт қаупі ең жоғары деңгейге жетеді. Сондықтан мұндай оқу-жаттығулардың маңызы ерекше. Бұл – тек мамандардың дайындығын тексеру ғана емес, төтенше жағдайлардың алдын алу бағытындағы нақты жұмыстардың бірі, – деді ол.

Маманның сөзінше, табиғи және дала өрті көбіне адам факторынан туындайды. Сол себепті тұрғындардың өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауы аса маңызды.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

Сурет автордікі

www.facebook.com/syrboi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.